

Бекітемін

ЖШС «Лилия» бөбекжай

Балабақшасының меңгерушісі

Л.И Яворская



2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ӨТКІЗІЛГЕН ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТЕР

Шымкент 2025-2026

№1 Әдістемелік кеңес хаттамасы

Қатысқандар: 12

11.09. 2025ж.

Күн тәртібінде:

1. Адал азамат «Біртұтас тәрбие» бағдарламасымен түсіндіру
2. 2025-2026 оқу жылындағы әдістемелік кабинеттің жұмысын талдау.
3. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2025-2026 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру, талқылау.
4. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына бастапқы мониторинг жүргізуді ұйымдастыру.
5. Тәжірибе алмасу сабақтарының тақырыптарын айқындау
6. Педагогтердің өзіндік білім көтеру тақырыптары мен мақсат-міндеттерін айқындау.
7. Жас мамандарға көрсетілетін кеңестің жоспарымен таныстыру
8. Өртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе Адал азамат - «Біртұтас тәрбие» бағдарламасымен таныстыру бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды. -Саламатсыздар ма, құрметті әріптестер. Әдістемелік кеңес отырысымызға қош келдіңіздер. Күн тәртібіндегі бірінші мәселеге тоқталайық. Адал азамат -«Біртұтас тәрбие» жайында айтар болсам, МДҰ – да тәрбиелеу – білім еру процесін ұйымдастыру үшін алдымен тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортаның құрылуына ерекше назар аудару қажеті айтылған. Бағдарламаның мақсаты: қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарлама мазмұны: Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру мақсатында «Өнегелі 15 минут» әңгімелесу процесін бақылау және апталық циклограммаға міндетті түрде қосу керек. Ал, таң азанда және түсте балаларды ұйықтатар кезінде - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционалды қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, шығармашылық дағдыларды қалыптастыру қабылдау барысында және үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын артыру мақсатында «Күй күмбірі», күй музыкаларын қосу міндеттелген, Үнемді тұтыну – балаларға светті, суды, табиғи ресурстарды үнемдеуді үйрете отырып, дұрыс дағдыларын қалыптастыру. Сонымен қатар

балаларға экологиялық мәдениет, құқықтық және қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру мақсатында көптеген қызықты жұмыстар ұсынылған. Құқықтық сауаттылықты қалыптастырудың мақсаты – балаларды сыпайы және мейірімді болуды, дос болуды, құрметтеуді, көмектесу әдетін қалыптастыруға көмектеседі. Ал қаржылық сауаттылық – бір, көп деген ұғымдарды қалыптастыруға, қанша, неше, нешінші, 10 көлемдегі сандарды тура және кері санауға, т.б. үйретеді.- деп толық тоқталып, айтып өтті.

2) Екінші мәселе «2025-2026 оқу жылындағы әдістемелік кабинеттің жұмысын талдау» бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды.

- Биылғы 2025-2026 оқу жылындағы әдістемелік кабинеттің жоспарына келіп тоқталсам, жылына үш рет әдістемелік отырыс жоспарлануда. Сонымен қатар, әдістемелік көмек көрсету мақсатында мынадай тақырыптар қарастырылады. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы, Перспективті жоспар, циклограмманы дұрыс толтыру бойынша әдістемелік кеңес, Педагогикалық әдеп, «Балалардың экологиялық, құқықтық және қаржылық сауаттылығын дамытудағы педагогтың рөлі». Яғни, Педагогикалық әдеп туралы түсінік бере отырып, әртүрлі педагогикалық ситуациялардан шығу жолын табу жайында, сөз қозғаймыз. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру бойынша балаларға климаттың өзгеруі, қоршаған ортаның ластануы сияқты жаһандық экологиялық- қатерлер жағдайында табиғатта жауапкершілікпен қарауға баулуды ерте жастан үйретеді. Құқықтық сауаттылықты қалыптастыру барысында тәрбиеленушілерді оң әлеуметтендіруге, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, отбасы, қоғам және мемлекет дәстүрлеріне баулуға, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған. Ал, қаржылық сауаттылықты қалыптастыруда, балаларға қоршаған ортада кез – келген заттар, ойыншықтар, киім, тамақ, компьютер- адамдардың еңбегінің нәтижесі екенін түсіндіреді. Әдістемелік кабинетте жас мамандарға әдістемелік кеңестер беріледі және жылда үш рет жүргізілетін мониторинг жайында, Республикалық немесе облыстық басылымдарға мақала жариялау мақсатында әдістемелік көмек көрсетіледі. Тәрбиешілердің циклограмма, перспективті жоспарды жазуда түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, түсіндіремін, - деп толық тоқталып өтті.

3) Күн тәртібіндегі үшінші мәселе «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2025-2026 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру, талқылау» бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды.

- Биылғы 2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулықтың негізгі жұмыс бағыттары :
- МДҰ мен мектепалды сыныптарда балалардың қауіпсіз болуын қамтамасыз ету;
- оқыту басқа тілде жүргізілетін мектепке дейінгі ұйымдарда «Тілге бойлау» бағдарламасын жаппай іске асыру;
- «Жасыл балабақша» желісін кеңейту - экологиялық білім беру және экологиялық мәдениетті қалыптастыру;

- Ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын жетілдіру. Мобильді консультациялық пункттер бойынша «Тәрбие бесігі» жобасын іске асыру;
- «Беске дейін үлгер» ата-аналарға арналған мобильді қосымшасын қолдану арқылы балаларды тәрбиелеу мен дамыту мәселелері бойынша ата-аналарды ағарту;
- Аылдық жерлерде «Құзыреттілік орталықтары» желісін кеңейту және «Құзыреттілік орталықтары» - жеке мектепке дейінгі ұйымдар санын ұлғайту;
- Әдістемелік орталықтар (кабинеттер) жанында мобильді топтардың қызметін жетілдіру;
- «Балақайлар мектебі» бағдарламасы бойынша жазғы кезеңде мектепалды даярлықты ұйымдастыру болып табылады. (айтылған бағыттарға жеке жеке тоқталып өтті.

Сонымен қатар Үлгілік қағидаларға сәйкес МДҰ өз қызметін келесі кезеңдер бойынша жүзеге асырады:

1 қыркүйектен 31 мамырға дейін – оқу жылы (Үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру мерзімі);

1 маусымнан 31 тамызға дейін – жазғы сауықтыру кезеңі.

Тәрбиелеу-білім беру процесі: - перспективалық жоспарға;- циклограммаға сәйкес жүзеге асады. (Перспективті жоспар мен циклограмманың жазу үлгісін тағыда естеріне салып өтті.Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгерту бойынша мониторинг жүргізіледі.

Айта өтетін жайт, мектепке дейінгі ұйымдарда басқа тілде оқытатын топтарда үш жастан бастап балаларға қазақ тілін үйрету Стандартта көзделген. 2022 жылдан бастап ҚР ОАМ 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес оқыту мемлекеттік тілде жүргізілетін топтарда үш жастан бастап мемлекеттік тілді терендетіп үйрету үшін «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті енгізілді. Қазақ тілін үйрету процесінде балалардың ойын, танымдық, шығармашылық және басқа әрекет түрлерінде коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру жүзеге асырылады. Осы мақсатта қазақ тілінде сергіту сәттері, тілдік жаттығулар, санамақтар, қысқа өлеңдер, ән тыңдау және басқалар қолданылады. Қазақ тілін үйретудің міндеттері:

1. Сөздік қорды байыту.
2. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту.
3. Сөйлемдер құрастыру.
4. Байланыстырып сөйлеуді дамыту.
5. Балаларды қазақ халқының мәдениетімен (дәстүрлерімен, ұлттық киімдерімен, мерекелерімен) таныстыру.

Балалардың мемлекеттік тілді үйренуге деген қызығушылығын ояту, қазақ тілінде ауызша сөйлеудің қарапайым біліктері мен дағдыларын (түсіну және айту) қалыптастыру мақсатында басқа тілде оқытатын мектепке дейінгі ұйымдарда қазақ тілін үйрету үшін «Тілге бойлау» пилоттық жобасы іске асырылды, - деп толық нұсқаулыққа тоқталып өтті.

4) Төртінші мәселе «Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізуді ұйымдастыру» тақырыбы бойынша сөз кезегін У.О. Ахметова алды.

- Биылғы оқу жылының қыркүйек айында жүргізілетін мониторинг былтырғы жылдың мониторингінен айырмашылық мүлдем жоқ. Білім басқармасынан келген хатына сәйкес мониторинг уақытылы өткізіліп, қорытындысы жіберілуі қажат. Сіздерге қысқаша мониторингті өткізудің мақсаты жайында айтып өтейін.

Мектепке дейінгі білім беруде сапалы қызметтің қамтамасыз етуде мектепке дейінгі жастағы балалардың біліктері мен дағдыларын дамытудың маңызы зор. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес 2017 жылдың қыркүйек айынан бастап, республиканың мектепке дейінгі ұйымындағы балалардың даму деңгейлеріне мониторинг жүргізудің біріңғай жүйесі енгізілді. Күтілетін нәтижелер баланың әр жас топтарына сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған. Баланың күтілетін нәтижелерге жетуі педагогтың баланың дамуын үнемі бақылауы яғни диагностика арқылы іске асырылады. Мониторинг баланың біліктері мен дағдыларының даму динамикасын оның түзетуді қажет ететін ерекшеліктерін ашуға, өзара әрекет ету тәсілдерін өзгертуге, педагог тарапынан қамқорлық пен көңіл бөлуді ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған, жүйелі бақылау ретінде қарастырылады. Мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді, -деп толық тоқталып өтті.

5) Күн тәртібіндегі бесінші мәселе «Тәжірибе алмасу сабақтарының тақырыптарын айқындау» бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды.

- Биылғы оқу жылында өткізілетін тәжірибе алмасу сабақтарының тақырыптарын әлі күнге дейін толық тапсырып аяқтамадыңыздар. Кәзіргі таңға дейін тақырыптарын тапсырған қызметкерлерді айтып өтейін: Мектепалды даярлық тобының тәрбиешілері «Путешествие по сказке «Гуси – лебеди» тақырыбын алып, қазан айында өткізуді жоспарлауда. Мектепалды даярлық Лучик тобы «Секрет слов» тақырыбын таңдап, қараша айында өткізуді жоспарлауда. Ортаңғы топ Мамонтенок тобының тәрбиешілері «Веселое путешествие» тақырыбын таңдап, қаңтар айында тәжірибе алмасу сабағын өткізуді жоспарлауда. Қалған үш топ, алдағы бір аптаның ішінде сабақтарыңыздың тақырыбын маған өткізіңіздер, - деп сөзін аяқтады.

- Менде бір сұрағым бар, - деп сөз кезегін ересек тобының тәрбиешісі Н.Н.Крайниченко алды. Біз сізге тәжірибе алмасу сабағының тақырыбын алдын ала береміз. Бірақ, уақыт келе сабақ өтер кезінде тақырыпты ауыстырсақ, жаңа тақырыппен сабақ өтсек болады ма?

- Өте орынды сұрақ. Ия, егер тәжірибе алмасу сабағының тақырыбын өзгертетін болсаңыздар, мен қарсы емеспін, - деп әдіскер жауап берді.

б) Кеңестің алтыншы мәселесі «Педагогтердің өзіндік білім көтеру тақырыптары мен мақсат-міндеттерін айқындау» бойынша сөз кезегін әдіскер алды.

- Айтар болсам, барлық тәрбиешілер өзіндік білімін жетілдіру мақсатында жыл бойында жұмыс жасайтын тақырыптарын ұсынды. Ондағы мақсаты, міндеттері мен атқарылатын жұмыстары толығымен жазылады.

Ешкім басқаға өзінде жоқ нәрсені бере алмайды, өйткені өзі дамыған, тәрбиелі, білімді болмаса, басқаларды дамыта, тәрбиелей, білім бере алмайды» деп А.Дистерверг айтқандай, тәрбиеші әр уақытта ізденіс үстінде болып, соңғы ғылыми-зерттеу жаңалықтардан хабардар болып отыруы қажет. Өйткені әр уақытта өз білімін жетілдіріп, іздену үстінде жүрген педагог, әр уақытта жаңадан өсіп келе жатқан ұрпаққа берері мол болады. Сондықтан оқу жылының басында біздің балабақша тәрбиешілеріміз жыл бойына өз білімін жетілдіру мақсатында тақырыптар таңдап, әдіскерге тапсырады. Педагогтердің өз білімін жетілдіруі жұмыстарының тақырыптары:

№	Педагогтің аты-жөні	Тақырыбы
1	Лигус О.А.	Познавательная- исследовательская деятельность детей на 2025-2026 г
2	Костеневич Я.В.	Подготовка детей к школе
3	Сыздыкова А.А.	Формирование речи детей дошкольного возраста через дидактические игры и упражнения
4	Криваносова Е.Ю.	Основы безопасности жизнедеятельности
5	Рыбникова О.В.	Роль сказки в нравственно- духовном воспитании дошкольников
6	Иванятова М.А.	STEAM- технология- инструмент интеллектуального развития дошкольников: образовательный модуль экспериментирование с живой и неживой природой
7	Крайниченко Н.Н.	Развитие мелкой моторики у детей дошкольного возраста
8	Хоменко Л.Л.	Кинезиологические упражнения как вид здоровьесберегающих технологий

9	Шишкина Л.В.	Нетрадиционные техники рисования
1 0	Маманова С.С.	Развитие мелкой моторики у детей раннего возраста через различные виды деятельности

7. Жетінші мәселе «Жас мамандарға көрсетілетін кеңестін жоспарымен таныстыру» бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды.

- 2025-2026 оқу жылына арнап жазған жылдық жоспарда жас мамандарға мынадай тақырыпта кеңестер дайындалында.

1. Адал азамат - «Біртұтас тәрбие» бағдарламасымен жас мамандарға түсіндіру;

2. «Мен және қоршаған орта» терроризмге қарсы іс – қимыл жайында;

3. ХХІ ғасыр педагогына қойылатын талаптар. Педагог стандарты .

Бұл үш тақырыпта жүргізілетін жұмыстар кеңес түрінде, пікір-талас және сұрақ-жауап түрінде өткізіледі. Сонымен қатар жас мамандарды жыл бойына өтетін тәжірибе алмасу сабақтарына қатыстырып, әртүрлі тақырыптарда кеңестер беріледі.

8) Әртүрлі мәселелер бойынша әдіскерге сұрақтар қойылды.

- Менің сұрағым бар ,-деп сөз кезегін Иванятова Маргарита алды. Мына қыркүйек айында біз балалардан бастапқы мониторинг алып, соның негізінде балалардың жеке даму картасын толтырдық. Енді осы толтырған жеке даму карталарын НОБД программасына енгіземіз бе?

- Сұрағыңыз өте орынды. Ия, осы бастапқы мониторинг бойынша шыққан қорытынды нәтижесі негізінде жеке даму карталарын толтырдыңыздар. Енді толтырып аяқтаған соң мен кесте жасап дайындаймын. Сол кесте бойынша тәрбиешілер келіп, НОБД программасындағы балалардың программадағы жеке даму картасын толтырады. Желтоқсан айында және мамыр айында өтетін аралық және қорытынды мониторинг қорытындысы негізінде де жеке даму карталары толтырылып, НОБД базасына енгізіледі.

- Менің сұрағым бар,- деп сөз кезегін Яна Костеневич алды.Әдістемелік нұсқаулықта көрсетілген экологиялық тәрбие, құқықтық және қаржылық сауаттылық негіздерін бала бойында дамыту жұмыстарын циклограмманың қай бөліміне қосамыз?

- Экологиялық, қаржылық және құқықтық сауаттылыққа үйрету мақсатында атқарылатын жұмыстарды балаларды серуендеуге шығарған кезіңізде немес түс қайта балалар оянған кезінде жүргізілетін ұйымдастырылған іс әрекетке қоссаңыздар болады. Басқа сұрақтарын болмаса осымен әдістемелік кеңесімізді аяқтап, шешім шығарайық.

Шешім:

1. Адал азамат «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын негізге ала отырып, жыл бойы жұмыстар жасалсын;
2. 2025-2026 оқу жылындағы әдістемелік кабинеттің жұмысын жүргізілсін;

3. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2025-2026 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатын негізге алып, жұмыстар жасалсын;
4. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына бастапқы мониторинг бойынша айтылған мәліметтер есепке алынсын;
5. Тәжірибе алмасу сабақтары жыл бойына өткізілсін;
6. Педагогтердің өзіндік білім көтеру тақырыптары бойынша қызметкерлер ізденіп, өз жұмыстарына енгізсін;
7. Жас мамандарға әдістемелік көмек жыл бойы көрсетілсін;
8. Өртүрлі мәселелер бойынша айтылған мәселелер бойынша жұмыстар жасалсын.

Әдіскер:



У.О.Ахметова

№2 Әдістемелік кеңес

Қатысқандар: 14 адам

08.12.2025ж

Күн тәртібінде:

1. Кезеңдік басылымдарға жазылуды рәсімдеу
2. Педагог қызметкерлердің қатысқан семинар, байқауларын талқылау
3. Тәжірибе алмасу жұмыстарының есебі
4. «Аналар мектебі» дөңгелек үстелдің қорытындысы бойынша
5. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз кезегін әдіскер

У.О.Ахметова алды.

-Саламатсыздар ма, құрметті әріптестер. Әдістемелік кеңеске қош келдіңіздер. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе «Кезеңдік басылымдарға жазылуды рәсімдеу» тақырыбы бойынша сөз бастайын. Мақала жазып көрмеген педагог үшін қысқаша жазу үлгісі туралы анықтама беріп өтейін.

1.Мақаланың не туралы жазылатынын, не мақсатта жазылатынын анықтап алыңыз.

2.Аудиторияны анықтап алу керек. Жазудан бұрын кім үшін, қанша жастағы оқырман үшін жазатыныңызды анықтап алыңыз. Мәселен, ғылыми мақала мен балаларға арналған мақаланы шатастырмау керек. Аудиторияға сәйкес, дайындығыңыз да өзгеріп отыруы керек.

3.Оқырманға не керектігін іздеңіз. Оқырмандар не туралы білгісі келеді? Олар іздеген мәліметті беруге сіздің білім қорыңыз жеткілікті ме? Бұл арқылы мақала жазуға сюжет табу оңай болады. Бірақ өз білім қорыңызбен ғана шектелмей, жаңа деректер іздеп, оларды меңгеру арқылы пайдалы мақала жаза аласыз.

4.Жазатын мақалаңыз еш жерде талқыланбаған, жаңа, өзекті болсын. Ал егер сіз жазғыңыз келген тақырып жауыр болса, оның берілу форматын өзгертіңіз, яғни өзге бір қырынан беруге тырысыңыз. Бар дүниені қайталап жазып шығу емес, ең болмағанда сол ақпаратты толықтыру сіздің мақалаңыздың өзектілігін арттырады. Бұл арқылы оқырманның назарын аударасыз әрі олар әр жазған мақалаңызға қайта оралып оқитындай болады.

5.Жазатын тақырыбыңызды өзге ешкім, ешқашан жазбаған болсын. Мақалаға өзгеше реңк, жаңа тұрпат беріңіз.

6. Тақырыпқа жаңа ойлар қосыңыз. Өз ұсыныстарыңызды немесе өзге авторлардың мақаласында жоқ деректерді қосыңыз. Бұл – оқырманның бүгінгі ақпарат тасқынында дәл сіздің мақалаңызды тандап оқуға себеп болады.

7. Қызықтыра жазыңыз. Оқырман ғана емес, жазып жатқан тақырыпқа өзіңіз де аса үлкен мән беретінінізді көрсетіңіз. Сіздің қызығушылығыңызды көрген оқырман да мән бере бастайды. Тіпті оқырманның ой қорытуына, сараптауына мүмкіндік беретіндей етіп жазыңыз,- деп сөзін аяқтады.

Биылғы оқу жылында педагогтардың аттестациядан өтіп, категория алу мақсатында біздің бақшамызда, өздеріңіз білетіндей бірнеше тәрбиеші біліктілік санатын алу мақсатында мақалалар жазып, әдістемелік құралдар жазып, семинар, конференцияларға қатысып, әділ қазылар алқасы болып іс-шараларға қатысты. Соның ішіндегі тәрбиешілердің жазған мақалалары жайында айтар болса, «Абай мұрасы – ұлт руханиятының темір қазығы: білім беру жүйесіндегі рухани-адамгершілік тәрбиенің негізі» I Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысып, мақалаларын жариялады. Атап айтқанда Иванятова М.А. «Эффективные методы развития познавательных способностей детей дошкольного возраста», Костеневич Я.В. «Эффективность применения игровых технологий в дошкольных образовательных организациях», Крайниченко Н.Н. «Развитие воображения ребенка через творческие задания», Кривоносова Е.Ю. «Экологическое воспитание как средство формирования любви ребенка к природе», Лигус О.А. «Значение подвижных игр в укреплении здоровья детей», Маманова С.С. «Балабақшада агрессивті мінез-құлықтың алдын алу әдістері», Рыбникова О.В. Методы обучения детей правильным пищевым привычкам», Сыздыкова А.А. «Балалардың физикалық дамуын қолдайтын ойындар мен жаттығулар». Бұл жазылған мақалалар ұстаз платформасына енгізілді,- деп сөзін аяқтады.

2. Екінші мәселе «Педагог қызметкерлердің қатысқан семинар, байқауларын талқылау» бойынша сөз кезегін әдіскер

- Қазақстан Республикасының Президентінің 2024 жылғы Жолдауын насихаттау аясында балаларға арналған «Жас ғалым» атты республикалық байқауға біздің бақшаның тәрбиешілері, атап айтқанда Н.Крайниченко, О.Лигус, С.Маманова, О.Рыбникова, Е.Кривоносова, А.Сыздыкова, М.Иванятова, Я.Костеневич қатысып, ол конференцияда әділ қазы алқасы болып, қатысушылардың жұмыстарын бағалады. Конференцияға қатысқандары үшін тәрбиешілер сертификат, алғыс хаттармен марапатталды.

Сонымен қатар, жоғарыда аты аталған тәрбиешілер өз топтарындағы балаларды көптеген іс-шараларға қатыстырып, алғыс хатпен марапатталды. Ол іс – шаралар, «Аяз атаға хат» Республикалық сурет салу сайыстары, «Мұқағалидің өлеңдері», «Абай өлеңдері», т.б.

Тәрбиешілер әдістемелік құралдар жазып, осы әдістемелік кеңесте бекітуге ұсынып отыр. Педагогтердің оқу жылы барысында дайындаған әдістемелік құралдарын жан-жақты, жүйелі түрде талқылау, олардың ғылыми-әдістемелік мазмұнын сараптау, практикалық маңыздылығын айқындау, сондай-ақ оларды оқу-тәрбие үдерісінде тиімді қолдану жолдарын анықтау екенін атап өткім келіп отыр.

Сонымен қатар әдістемелік жұмыс педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, педагогикалық шеберлікті жетілдіруге, білім беру сапасын көтеруге және инновациялық тәсілдерді енгізуге бағытталған маңызды құрал ретінде қарастырылады.

Отырыста төмендегі педагогтердің әдістемелік еңбектері кең көлемде қаралып, мазмұнына жан-жақты талдау жүргізілсін:

- Лигус Ольга Александровна – «Патриотическое воспитание дошкольников в современных условиях» атты әдістемелік құралында мектеп жасына дейінгі балалардың патриоттық санасын қалыптастыру, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, мәдени мұраны құрметтеу және отбасымен өзара әрекеттесуді ұйымдастырудың педагогикалық негіздері қарастырылған.

- Костеневич Яна Валерьевна – «Использование цифровых ресурсов в образовательной деятельности воспитателя» еңбегінде мектепке дейінгі білім беру жүйесінде цифрлық технологияларды тиімді қолдану, интерактивті білім беру ресурстарын пайдалану, мультимедиялық материалдар мен электрондық платформалар арқылы балалардың танымдық белсенділігін арттыру жолдары ұсынылған.

- Маманова Сажида Султановна – «Формирование эмоционального интеллекта детей через сюжетно-ролевые игры» тақырыбында мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалдық интеллектін дамыту, эмоцияларды тану, түсіну және басқару дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ сюжеттік-рөлдік ойындардың тәрбиелік және дамытушылық рөлі жан-жақты ашылған.

- Рыбникова Оксана Витальевна – мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылыққа білеттерін дамытуға бағытталған әдістемелік ұсыныстар беріп, баланың қиялы, ойлау қабілеті, дербестігі мен эмоционалдық дамуының өзара байланысын қарастырған.

- Крайниченко Наталья Николаевна – «Развитие внимания и памяти у дошкольников через игровые упражнения» еңбегінде балалардың зейіні мен есте сақтау қабілетін ойын жаттығулары арқылы дамыту әдістері жүйеленген.

- Сыздыкова Акнур Амангельдиевна – қазақ халық ойындарын оқу-тәрбие процесінде қолданудың теориялық және практикалық негіздерін қарастырып, ұлттық құндылықтарды бала тәрбиесіне енгізудің маңыздылығын ашқан.

- Кривоносова Екатерина Юрьевна – сенсорлық дамытудың инновациялық әдістерін, соның ішінде ойын технологиялары, арт-терапия элементтері және дамытушы орта ұйымдастыру тәсілдерін ұсынған.

- Хоменко Любовь Леонидовна – ертегі терапиясын балалардың эмоционалдық дамуын жетілдіру құралы ретінде қарастырып, оның психологиялық-педагогикалық әсеріне негіздеген.

- Иванятова Маргарита Анатольевна – сөйлеу тілін дамытуда заманауи ойын технологияларын қолдану арқылы балалардың сөздік қорын, грамматикалық құрылымын және коммуникативті дағдыларын дамыту жолдарын сипаттаған. Жалпы алғанда, ұсынылған барлық әдістемелік құралдар мазмұны жағынан өзекті, ғылыми негізделген, практикалық маңызы жоғары және мектепке дейінгі білім беру үдерісінде қолдануға толықтай тиімді екені атап өткім келеді.

3. Күн тәртібінде үшінші мәселе «Ойын әдістері арқылы тәжірибе алмасу жұмыстарының есебі» бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды.

2025-2026 оқу жылының жылдық жоспарына сәйкес қыркүйек айында барлық топтың тәрбиешілері жыл бойына өтетін ашық сабақтардың тақырыптарын берген. Жоспарға сәйкес динозаврики тобының тәрбиешілері Лигус О.А. және Шишкина Л.В. «Путешествие по сказке «Гуси – лебеди» тақырыбында қазан айында ашық сабақ өтті. Ал, қараша айында Лучик мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі Костеневич Я. В. «Секрет слов» тақырыбында ашық сабақ өтті. Мамонтенок ортаңғы тобының тәрбиешілері Маманова С.С. және Сыздыкова А.А. «Веселое путешествие» тақырыбында ашық сабақты қаңтар айында өткізуді жоспарлап отыр. Солайша алдағы уақытта барлық топтарда ашық сабақ өтеді. Ал ашық сабағы өткен топтардың тәрбиешілері әдіскерге сабақ жоспарын, қолданған дидактикалық материалдарын және суреттерін тапсырды. Ал сабаққа қатысқан педагогтар бақылау парақтарын толтырып, ұстаз платформасына енгізді.

4. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе «Аналар мектебі» негізінде өткізілген дөңгелек үстел бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды.

- Жылдық жоспар бойынша «Аналар мектебі» негізінде «Ана мен бала қарым - қатынасы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Бұл дөңгелек үстелді мамонтенок тобының тәрбиешілері С.Маманова және А.Сыздыкова ата-аналармен бірге өткізді. Дөңгелек үстел мақсаты ата-ананың бала өміріндегі рөлі, беретін тәрбиесі мен қарым-қатынасы жайында, қарым-қатынас барысында балалар қандай дағдыларға ие болады және баланың дамуына қандай әсері бар екендігі жайында сөз қозғалды. Барлық ата-аналар өз ойларын айтып, пікір таластырды. Арасында ата-аналарға арналған тренинг өткізілді. Тренинг тақырыбы: «Менің отбасыдағы рөлім». Мақсаты: баланың, ата-ананың отбасындағы рөлі, және қарым-қатынасын анықтау болып табылады. Дөңгелек үстел соңында ата-аналар тәрбиешілерге алғыстарын білдіріп, жақсы көңіл - күймен қайтты, - деп сөзін аяқтады.

5. Күн тәртібіндегі бесінші мәселе «Әртүрлі мәселелер» бойынша әдіскер сөз алды.

- Желтоқсан айында балабақшаның барлық қызметкерлері Степ бай степ оқу орталығында білім жетілдіру курстарынан өтіп, 72 сағаттық сертификат алды. Ол сертификаттарын НОБД базасына енгіздік.

Сонымен қатар, құрметті тәрбиешілер, Біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде балалармен сыртта серуендеу барысында да, кабинетте балалар ойнаған уақытта да экологиялық тәрбие, құқықтық сауаттылық, қаржылық сауаттылыққа үйрету мақсатында ойындар ұйымдастырып, өткізіңіздер. Өткізген ойындарыңызды видеоға түсіріп, инстаграмм парақшасына салыңыздар.

Сұрақтарыңыз болса, қоя беріңіздер....

- Менің сұрағым бар, - деп сөз кезегін Н.Крайниченко алды.

- Мен 2026 жылдың қаңтар айында зейнеткерлікке шығамын. Соған байланысты аттестациядан өтуім міндетті ме?

- Осы сұрақты мен Білім басқармасының әдіскерлеріне қойғанымда, олар былай жауап берді. Егер тәрбиеші зейнеткерлік жасында бола тұра бақшада жұмысын жалғастыратын болса және оның ешқандай категориясы болмаса, ол міндетті түрде педагог-модераторға тапсыру керек. Сондықтан, жұмысыңызды жалғастырамын деп ниет етсеңіз, аттестациядан өтуіңіз керек, - деп әдіскер жауап берді.

- Менде сұрақ, - деп сөз кезегін А. Сыздыкова ады. Аттестациядан өтуіміз үшін міндетті түрде тест тапсыруымыз керек және ұстаз платформасына құжаттарды енгізуіміз керек. Ал осы тест тапсыру уақытын айта аласыз ба және тестен өте алмай қалған уақытта не болмақ?

- Ия, аттестациядан өту екі қадамнан тұрады. Біріншісі тест тапсыру, екіншісі партфолио толтыру. Тест тапсыру уақыты ақпан айында басталады. Егер тест тапсыру барысында қажетті балды жинай алмасаңыздар, онда сәуір немесе мамыр айларында екінші рет тапсыруға мүмкіндік бар. Бірінші рет тапсыру тегін, ал қайта тапсыру барысында ақша төлеп, тестке тіркелесіздер. Тестен өткен соң комиссия мүшелері платформаға енгізген құжаттамаларыңызды тексереді және бағалайды.

- Басқа сұрақтарыңыз болмаса, кеңесіміді аяқтайық, - деп әдіскер кеңесті аяқтап, шешім шығарды.

Шешім:

1. Кезеңдік басылымдарға жазылуды рәсімдеу жалғасын тапсын;
2. Педагог қызметкерлердің семинар, байқауларға қатысуы жалғастырылсын;
3. Ойын әдістері арқылы тәжірибе алмасу жұмыстары жалғасын тапсын, уақытылы бақылау парақтары толтырылып, ұстаз платформасына енгізілсін;
4. «Аналар мектебі» дөңгелек үстел, семинарлар бақшада жиі өткізілсін;
5. Өртүрлі мәселелер бойынша жұмыстар орындалсын.

Әдіскер:



У.О.Ахметова

№3 Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы

Қатысқандар:11

15.05.2026ж.

1. Әдістемелік кеңес жұмысының қорытындысы.
2. Тәжірибе алмасу сабақтарының есебі
3. Оқу жылында тәрбиеленушілерге өткізілген мониторинг бойынша қорытынды есеп.
4. Балалардың жеке даму карталарын толтыру бойынша көмек.
5. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз кезегін әдіскер Л.И.Яворская алды.

- Әріптестер, саламатсыздар ма. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе «Әдістемелік кеңес жұмысының қорытындысы» бойынша айтар болсам, Әдістемелік орталығынан тамыз айында жіберілген «2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы Әдістемелік нұсқау хат» негізінде бұл бағдарламаның 2025-2026 оқу жылындағы ерекшелігі жайында, тәрбие мен оқыту жүйесіндегі жұмыстың бағыттары жайында, оның ішінде оқыту басқа тілде жүргізілетін мектепке дейінгі ұйымдарда «Тілге бойлау» бағдарламасын жаппай іске асыру; «Жасыл балабақша» желісін кеңейту - экологиялық білім беру және экологиялық мәдениетті қалыптастыру, т.б. бағыттары негізінде сіздерге кеңестер беріп, бірлесіп жұмыс жасадық. Сонымен қатар айтып өтетін жайт, Мектепке дейінгі ұйымдарда басқа тілде оқытатын топтарда үш жастан бастап балаларға қазақ тілін үйрету Стандартта көзделген. 2022 жылдан бастап ҚР ОАМ 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес оқыту мемлекеттік тілде жүргізілетін топтарда үш жастан бастап мемлекеттік тілді терендетіп үйрету үшін «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті енгізілгенін және қазақ тілін үйрету процесінде балалардың ойын, танымдық, шығармашылық және басқа әрекет түрлерінде коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру жүзеге асырылатынын, осы мақсатта қазақ тілінде сергіту сәттері, тілдік жаттығулар, санамақтар, қысқа өлеңдер, ән тыңдау және басқаларды қазақ тілі пәнінде қолдандық.

Қыркүйек айында барлық тәрбиешілер жыл бойына өтетін тәжірибе алмасу сабақтарының тақырыбын маған берген болатын. Осы тақырыптар бойынша тәжірибе алмасу сабақтары толығымен өткізілді. Тәжірибе алмасу сабақтары әр топтікі өз балаларының жас ерекшеліктеріне сай өтті. Сабақтарға тәрбиешілер жақсы дайындалған. Барлық сабақтарда дидактикалық материалдар, жаңа технологияларды пайдаланып, балалардың таным процестері мен ұсақ моторикасын дамытуға арналған ойындар

ұйымдастырылып өткізілді. Сонымен қатар, тәрбиешілер қыркүйек айында маған өз білімін жетілдіру бойынша тақырыптар берген, сол тақырыптар бойынша жыл бойына кеңестер алып, балалармен жұмыстар жасады.

Биылғы оқу жылында тәрбиешілердің көбісі педагог-модератор санатын алу мақсатында аттестацияға дайындалды. Дайындалу барысында Ұстаз платформасына қандай құжаттар енгізу керектігі жайында сіздерге күн сайын кеңестер берілді.

«Абай мұрасы – ұлт руханиятының темірқазығы: білім беру жүйесіндегі рухани-адамгершілік тәрбиенің негізі» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына біздің бақшамыздың бірнеше тәрбиешісі қатысып, мақала жазып, осы конференция негізінде басылып шыққан жинақта мақалалары жарияланды. «Абай оқулары 2026ж», «Аяз атаға хат" Республикалық байқау 2025ж», «Мұқағали Мақатаев - оқулары 2025ж.» тақырыбында өткізілген байқауларға тәрбиешілер өз топтарындағы балаларды қатыстырып, алғыс хатпен марапатталды. «Даму» Республикалық ғылыми-практикалық педагогтар шығармашылығын дамыту орталығының ұйымдастырылуымен оқушыларға арналған «Жас ғалым» атты республикалық байқауға біздің тәрбиешілер әділ қазы алқасы ретінде қатысып, алығс хаттармен марапатталды. Балабақша тәрбиешілері Step by step қорының ұйымдастырылуымен өткен біліктілікті арттыру курстарына қатысып, 72 сағаттық сертификат алды. Барлық тәрбиешілер әдістемелік нұсқаулық жазып, құжаттырын ұстаз платформасына енгізді. Бұл әдістемелік нұсқаулықтарды, т.б. біз алдағы өткен №2 әдістемелік кеңесте талқылағанбыз,- деп сөзін аяқтады.

2) Күн тәртібіндегі екінші мәселе «Тәжірибе алмасу сабақтарының есебі» бойынша сөз кезегін әдіскер Л.И.Яворская алды.

- Оқу жылының басында барлық топ тәрбиешілері оқу жылы ішінде өткізетін тәжірибе алмасу сабақтарының тақырыбын әдіскерге тапсырған. Олар:

№	Тақырыбы	Жауаптылар	Мерзімі
1	Путешествие по сказке «Гуси – лебеди»	Лигус О.А. Шишкина Л.В.	Қазан
2	«Секрет слов»	Костеневич Я.В.	қараша
3	Веселое путешествие	Сыздыкова А.А. Маманова С.С.	қаңтар
4	«В поисках клада»	Рыбникова О.В. Криваносова Е.Ю.	ақпан
5	«Юные экологи»	Хоменко Л.Л. Иванятова М.А.	наурыз
6	«Путишествие в страну математики»	Крайниченко Н.Н.	сәуір

Мына кестеде көрсетілген тақырыптар бойынша барлық топтың тәрбиешілері тәжірибе алмасу сабақтарын өтті. Бұл тақырыптар балалардың жасерекшеліктеріне сай, ойын түрінде түсінікті, әрі қызықты ұйымдастырылып өткізілді. Барлық ашық сабақтарға меңгеруші, әдіскер және барлық топ тәрбиешілері, педагогтар қатысты. Ашық сабақ барысында көптеген жаңа дидактикалық әдістер пайдаланылды, көрнекіліктер мен сергіту жаттығулары жүргізілді. Балалар сабаққа өте белсене қатысты, өз ойларын толық жеткізе алды. Тәрбиеші сабақ барысында интеграцияны пайдаланды және сабақ соңында сұрақ жауап айдары көмегімен сабақты қорытындылады. Осы өткізілген тәжірибе алмасу сабақтарының ішінен мектеп алды даярлық тобында өткен сабаққа қысқаша тоқталып өтейін. Путешествие по сказке «Гуси – лебеди» тақырыбында Динозаврики тобында өткен ашық сабақ барысында балалардың біразі әріп танығандығын, жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды ажырата алатындығын және өздері ойланып, тапсырмаларды өз бетімен орындап, ойларын ашық жіткізе алатындығы бізді қуандырды. Ал, Лучик тобының «Секрет слов» тақырыбында өткен ашық сабағында балалар жұмбақтарды ойланып шешіп, логикалық сұрақтарға жақсы жауап бере алды, сонымен қатар бірлесіп тапсырма орындауды жақсы меңгергендігі байқалды. Қорытындылай келе, тәрбиешілер сабақтың мақсатына жетіп, түйінін аша білді. Барлық тәжірибе алмасу сабақтарына яғни ашық сабақтарға бақылау парақтары толтырылып, Ұстаз платформасына енгізілді.,- деп сөзін аяқтады.

3)Үшінші мәселе «Оқу жылында тәрбиеленушілерге өткізілген мониторингтің қорытынды есебі» бойынша сөз кезегін әдіскер Л.И.Яворская алды.

- Оқу жылының басында Әдістемелік орталығынан келіп түскен тапсырма негізінде балаларға жылына үш рет мониторинг жүргізілді. Олар: бастапқы, аралық және қорытынды мониторинг. Мониторинг мақсаты, әрбір жас тобында балалардың жетістіктерін объективті қадағалауға, мектепке дейінгі қарағанда аралық мониторинг қорытындысы жоғары көрсеткішті көрсетіп тұр. Өйткені, бастапқы мониторингте кездескен қиыншылықтармен тәрбиешілер әр бір баламен жеке, яғни индивидуальное жұмыс жасап, аралық мониторингте жақсы нәтиже көрді. Ал, аралық мониторингте кездескен кемшіліктермен тәрбиеші ары қарай жұмыстар жасап, қорытынды мониторингте нәтиже жоғары болды.

Биылғы оқу жылында бір қатар өзгерістер енгізілді. Балалардың мемлекеттік тілді үйренуге деген қызығушылығын ояту, қазақ тілінде ауызша

сөйлеудің қарапайым біліктері мен дағдыларын (түсіну және айту) қалыптастыру мақсатында басқа тілде оқытатын мектепке дейінгі ұйымдарда қазақ тілін үйрету үшін «Тілге бойлау» пилоттық жобасы іске асырылды. Осы жобанының қаншалықты жақсы нәтиже беріп жатқанын тек мониторинг өткізу арқылы байқауға болады. Сондықтан, аралық және қорытынды мониторинг барысында ересек және мектепалды даярлық топтарында мониторинг жүргізіліп, нәтижесінде балалардың қаншалықты қазақ тілін жақсы меңгергендігі анықталды. Мониторинг қорытындысын Әдістемелік орталығына тапсырдық. Бастапқы, аралық және қорытынды мониторинг нәтижелері бойынша диаграмма жасалып, оны ұстаз платформасына енгіздік.

4. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе «Балалардың жеке даму карталарын толтыру бойынша көмек» тақырыбында әдіскер Л.И.Яворская сөз алды.

- Оқу жылы бойында біз балалардан бастапқы, аралық және қорытынды мониторинг аламыз. Мониторинг нәтижелері бойынша топ тәрбиешісі пән мұғалімдерімен бірге (*қазақ тілі мұғалімі, музыкалық жетекшісі*) бірлесіп, оқу жылына әр балаға Жеке даму картасын толтырады. Жеке даму картасында жоғары, орташа және төмен деңгейлері бар критерия көрсетілген. Орташа және төмен деңгей көрсеткен балалармен дамыту немесе түзету шаралары жазылады. Бастапқы мониторинг нәтижелері бойынша шаралар (*дамытушы, түзету*) қазан-желтоқсан, аралық мониторинг нәтижелері бойынша шаралар ақпан-сәуір, қорытынды мониторинг нәтижелері бойынша шаралар маусым-шілде айларында жүргізіледі.

Оқу жылының соңында Үлгілік бағдарламада айқындалған күтілетін нәтижелерге сәйкес Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру деңгейінің қорытынды мониторингін ескере отырып, барлық жас топтарының тәрбиешілері Ұлттық білім беру деректер қорына Жеке картаны толтырады, -деп толық айтып өтті.

5) Әр түрлі мәселелер бойынша сөз кезегін әдіскер Л.И.Яворская алды.

- Кәзіргі таңда мектепке дейінгі дамыту орталығынан 2026 жылға арналған мектепке дейінгі ұйымдарда жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар жіберілді. Мектепке дейінгі ұйымның жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмысының негізгі мақсаты – сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру, балалардың қауіпсіз жағдайда болуын қамтамасыз ету және тәрбиеленушілердің танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және денсаулығын нығайтуға ең тиімді жағдай жасау болып табылады, - дей отырып, жазғы сауықтыру кезеңінде құзыреттіліктер бойынша жүргізілетін жұмыстың бағыттарына, тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысушыларға қойылатын талаптар жайында, жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру кезеңдері, жазғы сауықтыру шараларының түрлеріне тоқталып, түсіндірме жұмысын жүргізді.

Ал енді, алдағы уақытта 1 маусым балаларды қорғау күніне арнап «Әрқашан күн сөнбесін» тақырыбында мерекелік іс-шара жоспарлануда.

Әрбір топтың балалары тапқатарын айтып, әндерін шырқайды. Музыка жетекшісі кәзіргі уақытта жоспар дайындап жатыр, ал, хореограф Кульназарова Анастасия балаларды керемет биге үйретуде. Ал, артынша аниматорларды шақыртып, қызықты қуыршақ театрін көрсетеміз.

Алдағы маусым айының 15-не дейін 2025-2026 оқу жылының құжаттарын тексеріп, маған тапсырыңыздар. Міндетті түрде балалардың жеке даму карталарын толтырып, басқа құжаттармен бірге маған тапсыруды ұмытпаңыздар. Басқа сұрақтарыңыз жоқ болса, шешім шығарып, кеңесімізді аяқтайық. - деп сөзін аяқтады әдіскер.

Шешім:

1. Әдістемелік бірлестік жұмысының қорытындысы қанағаттанарлық деп шешілсін;
2. Тәжірибе алмасу сабақтарының есебі қабылданып, жұмыстар жалғасын тапсын;
3. Оқу жылында тәрбиеленушілерге өткізілген мониторинг бойынша қорытынды есеп қабылдансын;
4. Балалардың жеке даму карталары уақытылы толтырылып, әдіскерге тапсырылсын.
5. Әртүрлі мәселелер бойынша,
 - Жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар барлық тәрбиешілерге берілсін, жұмыстар жасылынсын;
 - 1 маусым – Балалар мерекесі жоғары деңгейде өткізілсін;
 - Әдіскерге тәрбиешілер тарапынан барлық құжаттар уақытылы тапсырылсын.

Әдіскер:

Л.И.Яворская

Хатшы:

С.С.Маманова

